

## Республикалық математика пәнінен 3-4 сыныптарға арналған "Алтын сақа" олимпиадасының қалалық кезеңі

14.11.25 жылы Арқалық қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен Республикалық математика пәнінен 3-4 сыныптарға арналған "Алтын сақа" олимпиадасының қалалық кезеңі өтті. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың математика пәніне қызығушылығын қалыптастыру, ғылымға баулу, математикалық ұғымдарды талдауға үйрету, сыни тұрғыда ойлау, күрделі есептерді шығара білу, олимпиадалық резерв қалыптастыру, қабілетті балаларды анықтау және ынталандыру. Олимпиадаға 3 сыныптан-38 оқушы, 4-сыныптан-39 оқушы қатысып, өз білімдерін сынады. Олимпиада қорытындысы бойынша біздің мектеп-гимназиямыздан қатысқан оқушылар 3 "А" сыныбынан Қайырбекқызы Камила II орын. Жетекшісі Катешова Н.Т. 3 "Б" Ормаш Айару II орын. Жетекшісі Садуова Ж.Т. 4 "Б" сыныбы Әбдуғафар Әли I орын. Жетекшісі Бажыканова С.А., 4 "Г" Берікұлы Нұрмұхаммад II орын. Жетекшісі Дуйсенкулова М.У., 4 "Д" Койшикулова Камила II орын. Жетекшісі Бектенова Г.С. Жоғары балл жинаған Әбдуғафар Әли және Қайырбекқызы Камилла облысқа жолдама алды. Жеңістеріңіз құтты болсын!

